

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 1, Number 299 (2015), 196 – 200

**SOME ASPECTS OF ETHNOSEMANTICS
IN ANCIENT TURKIC TRADITION**

A. Aoubaquir

MES RK CS R. B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

Key words: ancient Turkic cult-memorial complexes, archaeology, ethnography, turkology, Mongolian studies, Central Asia, Kazakhstan, Turkic peoples, customs, worldview.

Abstract. In the article the author describes ethno semantic features of the ancient Turkic cult-memorial complex. The article presents a new insight into some traditions which existed in the social system of the ancient Turks and cult-memorial complexes, as well as gives examples of continuity in the traditions of Turkic peoples.

УДК: 94 (574); 03.81.37, 39.29.15; 03.61.91, 03.41.91

**КӨНЕ ТҮРІК ҒҰРЫПТЫҚ КЕШЕНДЕРІ
ЭТНОСЕМАНТИКАСЫНЫҢ КЕЙБІР ҚЫРЛАРЫ**

А. Әубәкір

ҚР БҒМ Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: көне түрік ғұрыптық кешендері, археология, этнография, түріктану, моңғолтану, Орта Азия, Қазақстан, түрік халықтары, жосын-жоралғы, дүниетаным.

Аннотация. Автор көне түрік ғұрыптық кешендерінің этносемантикалық ерекшеліктерінің кейбір қырлары жайында жаңа ұсыныстар көтереді. Атап айтқанда, көне түріктердің қоғамдық-әлеуметтік болмысында, ғұрыптық кешендерде атқарылатын кейбір жосын-жоралғылардың дүниетанымдық мәні сөз болып, олардың сарқыншақтары қазіргі түрік халықтарында мольнан кездесетіндігі айтылады.

Ғұрыптық кешендердің басында марқұмды ақтық сапарға жөнелту, ас беруден өзге қандай дәстүрлі ғұрыптық, мәдени-рухани, әлеуметтік-саяси іс-шаралар өткендігі туралы дөп басып айту қиын. Дегенмен, археологиялық материалдар мен жазба ескерткіштері негізінде киелі-культтік кешенде ғұрыптық жосындардың кейбір түрлерінің нақты өткендігі белгілі болса (марқұмды соңғы сапарға шығарып салу, жетісін, қырықын беру, жылдық асын өткізу), онда өзге де ғұрыптық жосындардың (достыққа, ымыраластыққа ант беріп андасу, Ұлыс күнін қарсы алу, тасаттық беру, ру-тайпа көсемдерінің түрлі саяси жиындары және тағы басқалар) өту мүмкіндігі туралы тек болжам ғана айта аламыз.

Дүниетанымдық ғұрыптық шаралардың басында «абыздар» мен бақсылар жүргендігі белгілі. Ғұрыптық кешеннің құрылысын жүргізу, бітіктастарға мәтіндік жазулар (жыр, жоқтаулар) жазу, қайтыс болған адамды соңғы сапарға шығарып салу және тағы басқа ғұрыптық іс-шараларды атқару, оларды басқару міндеті бақсыларға жүктелсе керек. Тыва, Хакасия мемлекеттерінде «бақсыны» «қам» деп атайды [1]. Қазақтарда сақталынған «қам жеу», «халықтың қамын жеу» тіркестерінің байырғы мәні осы атауда жатса керек. Тывалықтар буддизм мен тәңірлік дүниетанымды синкреттік тұрғыда қатар ұстанады. Тывалық түріктанушы ғалым Кызыл-Маадыр Симчиттің айтуынша, осы күнге дейін марқұмды шығарып салу рәсімінде бақсылар аруақпен тілдесуге

тырысып, марқұмның ақтық тілектерін сұрайды [2]. Туған-туыстары өмірден өткен адамның тілегін бұлжытпай орындайтын салт сақталыпты. Қазақ халқы да «аманатқа қиянат жоқ» деп, хәл үстіндегі адамның ең соңғы тілегін сұрап қалып, соңғы аманатты орындауды парыз санайды. Бұл тылсыммен тілдесетін бақсылардың жойылған кезде дәрменсіз елдің аруақтың аманатын көзі тірісінде сұрап қалуға тырысқан әрекетіне ұқсайды. Сондай-ақ, бұл түбі бір түрік жұртының танымдары әлі күнге бір-бірінен тым алшақ кете қоймағандығын аңғартады.

Ежелгі түріктермен қоса, қазақтарда да қара суды теріс ағызатын күдіретті бақсылардың болғандығы туралы Шоқан Уәлиханов, Әлкей Марғұлан еңбектерінде, шетелдік саяхатшылардың жазбаларында жиі ұшырасады. Шоқан Уәлиханов бақсыны қазақтар ертеде «оңған» деп атағаны туралы жазады. Қызыл-Маадыр Симчиттің баяндауынша, Тыва аймақтық диалектісінде бақсыға байланысты бірнеше атау бар. Олар: «хам», «бөө», «удыған» [2]. Мұндағы «удыған» мен біздегі байырғы бақсы атауы «оңғанмен» үндестік бары назар аудартады.

Этнограф Ақселеу Сейдімбек өз еңбектерінде, бақсылық жайында, әсіресе қазақ халқын құраған көптеген ру-тайпалардың таңбасы бар Ұлытауды табиғаттың өзінен тамыр тартар өзгеше сипатты ғұрыптық кешен десек, оның айналасынан бақсылар моласының көптеп кездесетіндігіне ерекше назар аударады. «Ел тағдырымен кіндіктес киелі жұртты бұрынырақта Тәңірімен тілдес бақсылар шырайлайтын болған. Ұлытау төңірегінде бақсы молаларының молдығы назар аударады. Кішітаудан бас алатын Ащылы өзенінің Дулығалы өзеніне құяр тұсындағы дөң үстінде қыпшақтан шыққан әйгілі Қойлыбай бақсының сұпы моласы тұр, Сарысу өзенінің төменгі сағасында Бесба-ладан шыққан Малақай бақсының моласы тұр, тағы да сол Сарысу бойында, Манадыр ішінде Бел-гібай моласының шығыс жағында бағаналыдан шыққан Айдарлы бақсының бейіті тұр, Кеңгір бойында «көктен тоқбақ түсіп бақсылық қонған» әйгілі Тоқбақ (Асан) бақсының бейіті тұр, Ұлы-таудың солтүстік-шығысында қалмақтың қыз бақсысына қарағайдан қиып салған әсем мұнара әлі де жақсы салынған қалпында тұр» дейді Ақселеу Сейдімбек [3]. Бақсылардың ғажайыптары тура-лы деректерді жиі кездестіреміз. Л.Н.Гумилевтің «Көне түркілер» кітабындағы мына жолдар бақ-сылықтың тамыры тереңде екендігінен хабар береді: «Фирдоусидың «Шаһнамасында» Герат шаһарының қасында байырғы түркілер мен парсы қолбасшылары Бахрам Чубиннің айқасы жөнінде бір хикая бар. Фирдоусидың дастаны көптеген өзге де бастаухаттармен: табари, Саалиби, Балами, Мирхонд, Себеостармен, VII ғасырдағы беймәлім сирялық автормен, X ғасырдағы пар-сылық белгісіз автормен мұқият салыстырылды, соның нәтижесінде Фирдоусидың сол бірінші бастаухатта, айтылған авторлардан гөрі дәлірек келтіргені дәлелденді. Фирдауси хикаясында басқа авторлар тастап кеткен, бірақ біз үшін аса маңызды жәйттер бар. Фирдаусидың түркілердің дуалау-шылық өнері (бақсылық өнері – А.Ә.) суреттейді. Оқиға шешуші шайқас алдында Бахрам Чубиннің қорқынышты түс көруінен басталады. Оның түсінде, түркілер шетінен ақырған арыстанға айнылап кетіп, өзінің әскері тасталқан болып жеңіліп қалыпты. Ктезифонға баратын жолды жаулар басып алып, мұның өзі жан сауғалап жаяу келеді екен. Мұндай жаман ырымға қарамастан, Бахрам айқасты бастайды. Түркілер парсыларды қорқыту үшін дұшпандарын дуалауға кіріседі. Дуақанттар аспанға от тастап өртейді де, сол арқылы аңыратып жел шақырып, қара бұлттарды үйіреді, сөйтіп, аспаннан парсылардың үстіне оқ жаудырады...» [4]. Мұнда Л.Н.Гумилевтің дуақанттар дегені бақсылар болса керек. Ел аузында аспанды қара түнекке айналдырып, найзағай ойнататын бақсы-лар туралы жиі айтылатынын есіңізге алыңыз.

«Юебань туралы хикаяда күнді суытып, жаңбыр жаудыра алатын бақсы туралы сөз болады. Жужандармен соғыс кезінде Юебанның дуақанттары қарлы боранды шақырып, оны жужандарға жібереді, сосын жужандар ішінде суықтан үсігендер соны көбейіп кетеді де, олар жорықты тоқта-тып, кейін қарай тартып тұрады. Бұл аңызды жеткізген Григорий Турский. Ауарлар франктермен соғысып жатқанда, ауар дуақанттары күнді күркіретіп, қара дауыл шақырады, сондай найзағай фр-нак лагеріне соғып, жай түсіреді де, олар жеңіліп қалады. Тағы да сондай күдірет наймандарда болған деген сыбыс бар. Рашид-ад-Дин дерегінде, Жамұқа бастаған тайпалар құрамдастығы Шың-ғыс ханға қарсы жорық ашқан кезде (1201 ж.) найман дуақанттары жойқын дауыл шақырады, бірақ оның әрекетін есептегенде жаңылып кетеді де, бұлардың өзін жайпап кетеді, бұл Шыңғысның жеңіске жетуіне қатты көмектескен» [4] дейді Л.Н. Гумилев. Барлық оқиғада да табиғат апатын қолдан тудырып, дауыл тұрғызу сөз болады. Табиғаттың тылсым сырын ұққан бақсылардың ауа-райын болжап қана қоймай, оны өзгерту мүмкіндігі болды ма деген сауал туындайды. Ғұрыптық

кешендердің ең бір көркем жерлерде орналасуы кездейсоқ болмаса керек. Бізде құрбандық шалып, тасаттық беріп, құрғақшылықта жауын жауғанын тілейтін салт әлі күнге сақталған. Көшіп-қонған көшпелі тайпалар табиғаттың терең сырын ұғып қана қоймай, кемелдік деңгейге жеткен абыз-бақсылардың көмегіне сүйенгенді де теріс көрмген тәрізді. Ал абыздар тарапынан өткізілетін рәсімдер ғұрыптық кешендерде атқарылғанға ұқсайды. Осы орайда Ақселеу Сейдімбектің «Қазақ әлемінен» мына бір үзіндіні келтіруді жөн деп таптық. «Көшпелілер табиғат құбылыстарына, қоршаған ортаға қарсыласы ретінде қарамаған. Неғұрлым табиғат сырын терең танып, табиғатпен етене болған сайын өмір сүруге қолайлы мүмкіндіктердің де молая түсетінін жақсы білген, табиғатпен тіл табысу арқылы бақытты өмір сүруге болатынын таным-тәжірибе деңгейінде ғана біліп қоймаған. Мұның өзі олардың моральдық-этикалық қалыптарына айналған. Сондықтан да, көшпелілер үшін қоршаған орта, тау-тас, өзен-көл, дала-орман, табиғат құбылыстары, тіптен аспан денелеріне дейін баршасы «тұлғаланған», «кейіптенген» немесе «жанданған» қалпында қабылданады. Мәселен, Еуразия көшпелілерінің соңғы тұяғы қазақтар күні бүгінге дейін «күн күлімдеді», «жұлдыз жымындады», «күннің көзі», «таудың басы», «қамыстың саусағы», «жердің төсі», «судың беті», «жылдың басы», «жылдың аяғы», «шөптің тамыры», «ағаштың өзегі», «долы дауыл», «қатал қыс», «ерке самал» т.б. дейді. Немесе аспандағы айдың өзгерісін қалт жібермей бақылап отырып көшпелі қазақ «ай туды», «ай толды», «ай сола бастады», «ай өлді» деп отырады. Айдың тууы мен солуының және толысуы мен солып жоғалуының арасы әрқайсысы 14 тәуліктен 28 тәулік болады. Яғни, 4 апта. Енді осыған қоса, «өлген ай» мен «туған айдың» арасында көзге көрінбейтін 2 тәулік бар. Әлгі, «ай өлді» немесе «өліара» дейтіні осы. Міне, бұл сияқты сөз тіркестерінің баршасы көшпелі қазақтың қоршаған орта мен табиғат құбылыстарын тек қана «тұлғаланған», «кейіптенген» немесе «жанданған» қалпында қабылданатынын көрсетеді. Ғасырлар бойы қоршаған орта мен табиғат құбылыстарының қасиет-болмысын қалт жібермей бақылау арқылы көшпелілер өздерінің білік-тәжірибесін шындап отырған» [3] дейді этнограф-ғалым.

Бірнеше жыл бұрын Моңғолия аймағынан өте көне музыкалық аспап табылды. Ғалымдардың бір тобы оны қобыз десе, келесі бір тобы оны домбыраға балайды. Ал германиялық зерттеушілер аспаптың бүйірлеріндегі тесіктерге сүйене отырып адырна деген болжам жасайды. Бірақ, мойысып келген мойыны қобызға көбірек келеді. Қобыз бақсылардың негізгі аспабы екендігі белгілі. Музыкатанушы Зәбира Жәкішова «... 950 жылы түркілер Қытайға барғанда шанағына бала сыйып кететін нарқобыз апарған, оның дауысы түн ішінде тартқанда талай жерге дейін естіліп тұрады екен» дерек береді. Сондай үлкен нарқобыздың бірі – XVIII-XIX ғасырлар аралығында өмір сүрген Жарас бақсының нарқобызы. «Жарас бақсының нарқобызы алты ұрпаққа тәбәрік болған. Оны үлкен ата Жарастан – Бейсенбет, одан – құлтас, одан – Бердібек, одан – Бижан сақтап келген. Бақсылар әулетіндегі осы ұстаным 1942 жылдан бастап үзілді. Бақсылар әулетіндегі соңғы бақсы екінші дүниежүзілік соғыста майданда қаза болды» деп көрсетеді өнертанушы З.Жәкішева. Аталған нарқобыз ұзақ жыл құрым киізге оралып көне қонысқа жерленген. Қазақтың халық музыка аспаптары музейіне тапсыруға келісімін берген Жарас бақсының ұрпақтары нарқобызды қошта-сып, бірнеше шақырымға дейін жылап-сықтап шығарып салған екен. Арқасында қобыз аспабы бейнеленген бақсы тас мүсіні де ғалымдардың ерекше назар аудартады. Бұғының мүйізінен, құстың қауырсынан жасалған бақсы бас киімдері де ерекше көңіл бөлдіреді.

Енді мына бір құнды дерекке мән берсек. Күлтегін бітіктасында көне түрік жазуымен «Күлтегіннің жаны Тәңірге ұшты» деген жолдар бар. «Моңғолдың құпия шежіресінде» Шыңғыс қағанның да өмірден озғандығы жанының Тәңірге ұшып кеткендігімен айтылады. Ақтық демі таусыларда «кеудесінен пыр деп ұшқан» Кемпірбай ақынның көк ала үйрегін есіңізге түсіріңіз. Киелі рух құс бейнесінде қолдайды және жандары да құс болып ұшып кетеді. Шыңғыс қағанның жебеушісі (киелі рух) Ақсұңқар құс болғандығы да белгілі. Сол сияқты Күлтегін бейнеленген тұғыртастың жоғарғы жағында құстың бейнесін ұшыратамыз. Көне түрік ғұрыптық кешендерінде қолына құс ұстаған мүсін тастар ара-тұра кездесіп қалады. Шығыстанушы Напил Базылхан бұл туралы былай дейді: «Біздің қазіргі қазақ тіліндегі құт қону, басына бақ құсы қону деген тіркесінде кездесетін «құт» сөзі – «құс қону, тәңірден береке келіп қону, көктен құт түсу» деген мәнде қолданылғанда, құттың өзі тәңірлік сый-сияпаты деген танымнан қалғандығына қарап, соның сарқыншағы деп айтуға итермелейді. Байырғы көшпелілерде, әсіресе, түрік дәуірінде бақсы-шамандарда бүркіттің тұяғы, қанаты, қауырсыны «құт»-пен тілдесу (алтайша «құш пөрік»)– кам, шаман, бақсылардың

бөрігі) «құтыру» үшін қолданылды. «Құтыру» (саха-якуттарда бақсының ойыны «құтырар») деген сөзді бүгінгі түсінікпен жүйке ауруы деп қабылдамаған дұрыс, «дауылда немесе жазғытұрым ит пен бала құтырады» дегенмен салыстырыңыз. Киелі рух әртүрлі аң-құс бейнесінде өмір сүреді. Түркілердің көк бөрісін, Абылайдың ақ бурасын, Жамбылдың қызыл жолбарысын, Кемпірбайдың көк ала үйрегін айтсақ та жеткілікті. Тәңірік түсінікте «құт» (жан, аруақ), сұс, сүне, йұла т.б. атаулары адамның жаны, аруағы Тәңірден құт болып көктен келеді, жерге құт болып қонады да, одан өлгенде құты қашып, жаны ұшып (көне түрік бітіктастарында: ұча барды) кетеді» [5]. Сақ дәуіріндегі қанатты пырақ, қанатты барыс тәрізді зооморфты бейнелердің де құспен қатыстылығы зерттелуі тиіс. Шумер ескерткіштерінде көрініс табатын қасиетті ағашқа тәу етуші құс кейіптегі адамдар бақсылар болуы мүмкін бе? Қазақ даласындағы бақсылардың да басына қауырсын таққандығы туралы этнографиялық деректер жоқ емес. Америкалық үндістердің көсемдері бастарына құс қауырсынынан «тәж» кигендігі баршаға мәлім. Расында, күн сәулесіндей шашыратыла тағылатын қауырсындар дами келе тәжге айналмады ма екен деген ой да туындайды. Сонымен, бақсы бастағы қауырсындар бақсылардың Тәңірмен, о дүниемен, киелі рухтармен байланысқа түсуге көмектесетін құрал қызметін атқарған деген жорамал жасаймыз. Айта кетерлік тағы бір жайт, шумерлердің, сақтардың ескерткіштерінде қос басты бүркіт бейнесі жиі кездеседі. Бұл ескі түріктер танымындағы ерліктің, жауынгерліктің символы іспетті. Шыңғыс және оның ұрпақтары құрған Алтын Орданың мұрагері болып қалған Ресей империясы қос басты қыран символын өздерінің мемлекеттік рәмізге айналдырғанын көреміз. Бүгінгі Ресей ФР мұны өздерінің мемлекеттік рәмізі ретінде әлі күнге қолданып келеді. Көк түріктер аспан әлемінің құдіретті иесі ретінде қабылдаған аждаһа образын қытайлар мемлекеттік символ деңгейіне көтергенін көріп отырмыз. Аждаһа суреттері де көшпенділердің ғұрыптық кешендерінде, өзге де әртүрлі ескерткіштерінде молынан ұшырасады. Көк бөрі ұғымы туралы да аз-кем тоқтала кеткенді жөн көрдік. «Бөрілі менің байрағым» деп арқалы Сүйінбай ақын жырға қосқан көк түріктердің байрағында бөрі сұлбасы тектіліктің, қайсарлықтың, табиғаттың төл перзентіне тән азаттықтың нышаны болды. Герадот өз жазбаларында азиялық скифтердің ішінде күндіз адам, түнде бөрі болып өзгеретін тайпалардың бар екендігін жазады. Бұл бөрі тотемді көшпелілер туралы аңыздың Еуропаға жеткен бір нұсқасы болса керек. Әлкей Марғұлан да өз еңбектерінде бөрі тотемі, бөрілі байрақ қашалып салынған жартастағы петроглифтер жайында арнайы тоқталып, зерттегенін айта кеткен жөн [6].

Ертедегі сақ-ғұн дәуірінен бастап бүгінге дейін қайтыс болған адамның оңған-рухын құрметтеп, ескерткіш қою, қоршап қорған салу, кейінірек тіпті әулиелерге мазар тұрғызу рәсімдер халықтық санамызда жаңғырып, заманалар толқынында кезең-кезеңімен жаңа сипат алуда. Осылардың ішінде бізге қаз-қалпында жеткен ас беру дәстүрінің маңызы айрықша. Қазақтарда сақталынған «Өлі разы болмай, тірі бойымайды», «Аруақ атқан оңбайды...» деген сөз оралымдары да осы дәстүрдің семантикалық сырын аша түскендей. Сонау қола дәуірінен бастап орта ғасырға дейінгі аралықтағы жерлеу орындарының барлығында дерлік марқұммен бірге ыдыс-аяқтардың қоса көмілгендігін аңғару қиын емес. Ыдыстардың нендей мақсатпен мәйітпен қоса жерлеу орнына қойылғандығын нақты анықтау мүмкін болмай отыр. Әйтсе де, көпшіліктің пікірінше бұл ыдыстар о дүниедегі өмірге қажетті мүлік есебінде қойылған деп танылуда. Біздіңше, мүрдемен бірге жерленген ыдыстар мен ас беру рәсімі арасында қандай да бір тығыз байланыс бар. Ыдысты мәйітпен қоса көмгенде «арты қайырлы болсын», «ұрпақтары ырысты болсын», «аруаққа арнап берілген ас қабыл болсын», «тұқымдарына құт қонсын» деген тілектер айтылып, жақсылық ниет етілуі мүмкін. Қазақтың оңтүстік өңірлерінде бұл дәстүрдің керісінше сипаты сақталған. «Әулетте енді өлім осымен тоқтасын» деп ниет етіп, зират ақымына құлып тастайды. Ыдыс – ежелден құт-берекенің, ырыс-ынтымақтың, тоқшылық-тыныштықтың белгісі. Қазақ ешқашанда қазан мен бесікті жауға қалдырмаған. Қарғыстың ең үлкенін айтқанда «Қазаның төңкерілсін!» дейді екен. Қазақстанның Атырау облысында артында тұяғы жоқ, тұқымсыз қалғандардың топырағының үймесіне қазанды төңкеріп көму дәстүрі күні кешеге дейін жалғасып келіпті. Сол себепті, қазақ жайшылықта қазанды төңкеріп қоймайтын болса керек. Сібірдегі түрік халықтарында аруақтар үшін зират басына ас-су қою дәстүрі сақталған. Күлтегін ғұрыптық кешенінен құрбандық ыдыстары табылған болатын. Қазақ халқы ас беріп, құрбандық шалуға мүмкіндік болмаған жағдайда жеті шелпек пісіріп таратады, аруақтарға арнап иіс шығарады. Көңіл, ниетке ата-баба рухтары разы болады деп сенеді. Ұлтымыздың тарихында аты аңызға айналып, алты алашқа тараған ас беру рәсімдері көп. Мысалы,

аста-төк баршылықты әйгілеген Сағынайдың асы, жұттың, аштықтың болатынын алдын ала біліпкөзі тірісінде өзі ұйымдастырып жасатқан Мәшһүр Жүсіптің асы.

Көне түрік ғұрыптық кешендерінің этносемантикасының кейбір қырлары әлі күнге толық анықталмаған. Бұл тарапта культтік табыну орындарының құрылымдық функциясын дәлме-дәл айқындаудың, шығыс және батыс дереккөздерін сүзгіден өткізіп, көшпелілер дүниетанымы туралы деректердің қорын молайтудың, археология және этнология салаларын бір-бірімен тоғыстыра, салыстыра қарастырудың, фольклор және шежірелік ауызша және жазбаша деректерді жүйелеудің, түрлі салаларды жұмылдыра бір ізге түсіріп, кешенді жұмыс жүргізудің көп көмегі тимек. Осындай жан-жақты зерттеу ғана түріктану саласындағы қордаланған көптеген мәселелердің түйінін шешеді деп сенеміз.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Бутанаев В.Я., Молдобаев И.Б. Киргизско-хакасские этнокультурные связи // Историко-культурные связи народов Южной Сибири. – Абакан, 1988. – 35 с.
- [2] Симчит, Кызыл-Маадыр Авый-оолович. Лексика шаманизма в тувинском языке: Автореф. дис. ... канд. филол. наук: 10.02.02 / Симчит Кызыл-Маадыр Авый-оолович; [Место защиты: Ин-т языкознания РАН]. – М., 2010. – 27 с.
- [3] Жәкішева З.С. Қазақтың дәстүрлі музыкалық аспаптары. – Алматы: Алматыкітап, 2009. – 64-67 бб.
- [4] Гумилев Л.Н. Көне түркілер. – Алматы: Білім, 1994. – 73-84 бб.
- [5] Базылхан Н. Көне түрік этнографиясының бітіктастардағы деректанулық негіздері // «Шығыс» ғылыми басылым. – Алматы: Дайк-пресс, 2004. – № 1. – 139-148 бб.
- [6] Маргулан А.Х. Сочинения в 14 томах. – Т. 3. Петроглифы Сарыарки. Гравюры с изображением вольчего тотема. – Т. 4. Каменные изваяние Улытау / Сост. Д.А. Маргулан, Д. Маргулан. – Алматы, 2003. – 50 с. + вкл. 246 с.

REFERENCES

- [1] Butanaev V.Y., Moldobaev I.B. Kyrgyz-khakass ethno-cultural context // historical and cultural relations of the peoples of South Siberia. Abakan, 1988. 35 p. (in Russ.).
- [2] Simchit, Kyzyl-Maadyr Avy-oolovich. Vocabulary Tuvan shamanism: abstract dis. ... The candidate of philological sciences: 10.02.02. Simcha Kyzyl-Maadyr Avy-oolovich; [A protection Place: Institute of Linguistics]. M., 2010. 27 p. (in Russ.).
- [3] Zhakisheva Z.S. Qazaqtyn destyrlı muzykalyk aspaptary. Almaty: Almatykitap, 2009. 64-67 p. (in Kaz.).
- [4] Gumilev L.N. Kone tyrkiler. Almaty: Bilim, 1994. 73-84 p. (in Kaz.).
- [5] Bazykhan N. Kone tyrik etnografiyasynyn bitiktastardary derektanulyk negizderi. "Shygys" rylymi basylym. Almaty: Dyke-Press, 2004. N 1. 139-148 p. (in Kaz.).
- [6] Margulan A.H. Works in 14 volumes. Vol. 3. Petroglyphs Saryarki. Engravings depicting volcheho totem. Vol. 4. Stone statue Ulitau. Comp. YES I A.M. Margulan, D. Margulan. Almaty, 2003. 50 c. + On 246 p.

НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ЭТНОСЕМАНТИКИ В ДРЕВНЕТЮРКСКОЙ ТРАДИЦИИ

Арман Аубакир

Институт востоковедения им. Р. Б. Сулейменова КН МОН РК, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: древнетюркские культово-поминальные комплексы, археология, этнография, тюркология, монголоведение, Средняя Азия, Казахстан, тюркские народы, обычаи, мировоззрение.

Аннотация. Автор раскрывает некоторые этносемантические особенности древнетюркского культово-поминального комплекса. В статье представлен новый взгляд на некоторые обычаи, существовавшие в общественно-социальном строю древних тюрков и культово-поминальных комплексах, а также приводятся примеры преемственности в обычаях тюркских народов.

Поступила 12.01.2015г.

БІЗДІҢ АВТОРЛАР

ӘУБӘКІР Арман – ҚР БҒМ ҒК Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының PhD докторанты
БАЙДАРОВ Еркін Ұланұлы – ҚР БҒМ Ғылым комитетінің Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының жетекші ғылыми қызметкері, философия ғылымдарының кандидаты

БАРАТОВА Шаирям Багдатовна – ҚР БҒМ Ғылым комитетінің Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты

БАТЕНОВА Алуа Жондыбайқызы – ҚР БҒМ Ғылым комитетінің Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының I курстың магистранты

БАТЫРХАН Болатбек Шәденұлы – ҚР БҒМ Ғылым комитетінің Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының ғалым хатшысы, PhD докторы, доцент

ДЕРБИСАЛИ Әбсаттар Бағисбайұлы – ҚР БҒМ Ғылым комитетінің Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор

ДЖАЛИЛОВ Заур Гафурович – ҚР БҒМ Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының докторы

ДҮЙСЕН Ғалымжан Мұстахимұлы – ҚР БҒМ Ғылым комитетінің Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының ғылым бойынша директордың орынбасары, экономика ғылымдарының докторы

ДЮСЕНОВ Бағдат Даниярұлы – ҚР БҒМ Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының ғылыми қызметкері

КАМАЛОВ Аблет Каюмович – ҚР БҒМ Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының бас ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының докторы

КАРИМОВА Рисалат Усмановна – ҚР БҒМ ҒК Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының Ұйғыртану орталығының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы

КАРИМОВА Зулфиям Каримовна – ҚР БҒМ ҒК Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, тарих ғылымдарының кандидаты, ғылыми қызметкер

ҚОНЫРБАЙ Адлет Рашидұлы – ҚР БҒМ ҒК Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының PhD докторанты, Шығыстану магистры

МАДАЛИЕВА Жаныл Қаиржанқызы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің доценты, философия ғылымдарының кандидаты

МАНСҰРОВА Әсел Садригенқызы – ҚР БҒМ Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының жетекші ғылыми қызметкері, философия ғылымдарының кандидаты

МАСИМОВА Халминяма Валетқызы – ҚР БҒМ Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты

МОЛОТОВА Гүлбахрам Максимқызы – ҚР БҒМ ҒК Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты әдебиеттану және тіл білімі бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, доцент

МОЛОТОВА Эльвира Максимқызы – ҚР БҒМ ҒК Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының кіші ғылыми қызметкері

МУКАТОВА Әлия Мулкібайқызы – ҚР БҒМ ҒК Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының кіші ғылыми қызметкері, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ PhD докторанты

МУРАТБЕКОВА А.М. – ҚР БҒМ ҒК Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының PhD докторанты

ОШАН Жанымхан – ҚР БҒМ ҒК Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты

РУДЕНКО Елена Игоревна – ҚР БҒМ ҒК Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты

СҮГІРӘЛИНОВ Марлен Мұратбекұлы – ҚР БҒМ ҒК Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының Оңтүстік және Орталық Азия бөлімінің ғылыми қызметкері

ТОХТАБАЕВА Шайзада Жаппарқызы – ҚР БҒМ Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының бас ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының докторы

ТОҚТАРБЕКОВА Лаура Ниязбекқызы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің магистранты

ХАДЖИЕВА Гүлжахан Усмановна – ҚР БҒМ ҒК Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының жетекші ғылыми қызметкері, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент

ШАЙМАРДАНОВА Назигүл Жасұланқызы – ҚР БҒМ Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының жетекші ғылыми қызметкері, политология ғылымдарының кандидаты

ЮСУПОВ Рахметжан Қасымович – ҚР БҒМ Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты

НАШИ АВТОРЫ

АУБАКИР Арман – PhD докторант Института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова КН МОН РК

БАЙДАРОВ Еркин Уланович – ведущий научный сотрудник Института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова КН МОН РК, кандидат философских наук

БАРАТОВА Шаирям Багдатовна – ведущий научный сотрудник Института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова КН МОН РК, кандидат филологических наук

БАТЕНОВА Алуа Жондибайкызы – магистрант 1 курса Института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова КН МОН РК

БАТЫРХАН Болатбек Шаденулы – ученый секретарь Института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова КН МОН РК, PhD доктор, доцент

ДЕРБИСАЛИ Абсаттар Багисбаевич – директор Института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова КН МОН РК, доктор филологических наук, профессор

ДЖАЛИЛОВ Заур Гафурович – главный научный сотрудник Института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова КН МОН РК, доктор исторических наук

ДУЙСЕН Галымжан Мустахимович – заместитель директора по науке Института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова Комитета науки МОН РК, доктор экономических наук

ДЮСЕНОВ Багдат Даниярулы – научный сотрудник Института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова КН МОН РК

КАМАЛОВ Аблет Каюмович – главный научный сотрудник Института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова КН МОН РК, доктор исторических наук

КАРИМОВА Рисалят Усмановна – руководитель Центра уйгуроведения Института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова КН МОН РК, доктор исторических наук

КАРИМОВА Зульфиям Каримовна – научный сотрудник Института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова КН МОН РК, кандидат исторических наук

КОНЫРБАЙ АДИЛЕТ РАШИДУЛЫ – PhD докторант Института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова КН МОН РК, магистр востоковедения

МАДАЛИЕВА Жаныл Каиржановна – доцент Казахского национального педагогического университета имени Абая, кандидат философских наук

МАНСУРОВА Асель Садритеновна – ученый секретарь Института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова КН МОН РК, ведущий научный сотрудник, кандидат философских наук

МАСИМОВА Халминям Валетовна – научный сотрудник Института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова КН МОН РК, кандидат филологических наук

МОЛОТОВА Гульбахрам Максимовна – заведующим отделом литературоведения и языкознания Института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова КН МОН РК, кандидат филологических наук, доцент

МОЛОТОВА Эльвира Максимовна – младший научный сотрудник Института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова КН МОН РК

МУКАТОВА Алия Мулкибаевна – младший научный сотрудник Института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова КН МОН РК, PhD докторант КазНУ им. аль Фараби

МУРАТБЕКОВА А. М. – PhD докторант совместной программы КазНУ им. Аль Фараби и Института Востоковедения им. Р. Б. Сулейменова

ОШАН Жанымхан – старший научный сотрудник Института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова КН МОН РК, кандидат исторических наук

РУДЕНКО Елена Игоревна – научный сотрудник Института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова КН МОН РК, кандидат исторических наук

СУГРАЛИНОВ Марлен Муратбекович – научный сотрудник отдела Южной и Центральной Азии Института востоковедения имени Р. Б. Сулейменова КН МОН РК

ТОХТАБАЕВА Шайзада Жаппаровна – главный научный сотрудник Института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова КН МОН РК, доктор исторических наук

ТОКТАРБЕКОВА Лаура Ниязбеккызы – магистрант Казахского национального педагогического университета им. Абая

ХАДЖИЕВА Гульжахан Усмановна – ведущий научный сотрудник Института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова КН МОН РК, кандидат экономических наук, доцент

ШАЙМАРДАНОВА Назигуль Жасулановна – ведущий научный сотрудник Института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова КН МОН РК, кандидат политических наук

ЮСУПОВ Рахметжан Касымович – ведущий научный сотрудник Института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова КН МОН РК, кандидат филологических наук

